

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының мақсаты:

Педагогтік және ғылыми қызмет үшін мәдениетаралық коммуникацияда, мемлекеттік тілді оқытуда жаңа инновациялық IT технологияларды қолдану дағдыларын меңгерген, кәсіби және ғылыми құзыреттіліктері бар жаңа форматты педагогика ғылымдарының докторларын (PhD) даярлау.

1.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Білім беру бағдарламасының түрі	ағымдағы
Білім беру бағдарламасының атауы	8D01704 «ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТПАЙТЫН МЕКТЕПТЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ»
Білім беру саласы	8D01 Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағыты	8D023 Тілдер және әдебиет
Білім беру бағдарламасының тобы	8D01704 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті.
Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензия №, күні, айы, жылы	№ KZ04LAA00017104 лицензия «27» қыркүйек 2019 ж.
БББ Тізіліміндегі № және тіркеу/жаңарту күні	№ 8D01704 Жаңарту күні: 27.01.2022.
ҰБТ пәндері	1 пән 2 пән
ҰБШ бойынша деңгейі	Докторантура, деңгей 8
Берілетін дәреже	«8D01704 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» БББ бойынша PhD философия докторы
Білім беру бағдарламасын аккредиттеу	АРТА, 24.05.2019 жылғы № 12018901, Куәліктің жарамдылық мерзімі 24.05.2019 ж. – 23.05.2024 ж.
Білім беру бағдарламасының рейтингі	Атамекен: 2022 ж. – 4-тің ішінен 3 орын; АРТА – 1 орын // қатысқандар –3, 2019 жыл.
Жалпы академиялық кредит саны	180
Оқу мерзімі	3 жыл

1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Инновациялық ғылыми-білім беру орталығы болу.

Миссиясы:

Үздік әлемдік тәжірибелер негізінде көшбасшы қыздарды даярлау арқылы адами капиталдың қалыптасуына үлес қосу.

Құндылықтары:

- Адалдық.
- Кәсібилік.
- Әлеуметтік жауапкершілік.
- Академиялық еркіндік.
- Жаһандық азаматтылық.
- Ашықтық.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Филология саласындағы мәселелерге терең кәсіби-философиялық талдау жасайды.
- Кәсіби және қоғам дамуындағы әлеуметтік-жаһандық өзгерістерге бейім.
- Ұлттық-гуманистік құндылықтарды бойына сіңірген.
- Көшбасшылық қасиеттерге және ұжымды басқару қабілетіне ие.
- Ғылыми зерттеулерде теориялық және қолданбалы міндеттерді шеше алады.
- Жаңашыл әрі сыни ойлайтын шығармашыл тұлға.

1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Негіздеме:

БББ өзектілігі. Білім беру бағдарламасы – педагогикалық білім беруде қазіргі мәдениетаралық коммуникацияның лингвистикалық әдіснамасы және әдістеменің заманауи бағыттары мен екі тілді еркін меңгерген, күрделі мәселелерді шешуде креативті жолды көрсете алатын жоғары білікті педагог маман даярлауға бағытталған.

Нарықтың қажеттілігі. Жоғары оқу орындарында мамандыққа қатысты PhD докторлардың жетіспеушілігі, ғылыми әлеуеттің төмендеуі нарықта аталған БББ-на сұраныс тудыруда.

1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

<i>Академиялық ұтқырлық</i>	Түркия, Нийде Өмер Халисдемир университеті
<i>Қосдипломды /Бірлескен білім беру бағдарламасы (ҚБББ)(ББББ)</i>	Түркия, Нийде Өмер Халисдемир университеті
<i>Стипендиалық бағдарламалар</i>	Мевлана бағдарламасы; Эразмус+ Қазақстан бағдарламасы
<i>Бағдарламаның басқа да бірегей сипаттары</i>	1. ЖОО-да заманауи педагогикалық технологиялар 2. Әдебиетті дамыта оқыту технологиялары

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

Санкт-Петербург мемлекеттік университетімен сәйкестік – 10 %.

А.С. Пушкин атындағы мемлекеттік институтымен сәйкестік – 10%.

Нийде Өмер Халисдемир университетімен сәйкестік (Түркия) – 50%.

1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

- ЖОО-да оқытушы;
- Ғылыми-зерттеу институттарында және ЖОО-ның ғылыми-зерттеу орталықтарында ғылыми қызметкер;
- Халықаралық байланыстарды жүзеге асыратын білім беру мекемелеріне маман;
- Орта кәсіптік оқу орындарында (колледж) педагогикалық қызмет;

1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

1 кәсіби құзыреттілік саласы

- ғылыми-педагогикалық;

2 кәсіби құзыреттілік саласы

- ғылыми-зерттеу;

3 кәсіби құзыреттілік саласы

- білім беру - педагогикалық;

- педагогикалық-ұйымдастырушылық.

1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН1 – Тіл білімі мен әдебиеттанудың іргелі қағидаларын, ғылыми басымдықтарын біледі.

ОН2 – Ғылыми нәтижелерді көпшілік алдында заманауи үлгіде таныстыру мақсатында академиялық мәтінді дайындаудың, жазудың, редакциялаудың негізгі принциптерін, ережелерін, стандарттарын біледі.

ОН3 – Кәсіби дағдыларды жетілдіруде ақпараттық және коммуникациялық, цифрлық технологияларды тәжірибеде қолдана алады.

ОН4 – Сөйлеу және коммуникативтік іс-әрекеттің барлық аспектілерінде ортаға тез бейімделетін, әлеуметтік интеллектісі жоғары кәсіпкерлік дағдылары қалыптасады.

ОН5 – Тіл білімі ғылымындағы концепция, теория мен бағыттарға, құбылыстар мен үдерістерге сыни тұрғыдан талдау жасай алады.

ОН6 – Педагогикалық технологияның теориялық негіздерін, педагогикалық ғылымның жаңа концептуалды идеялары мен даму бағыттарын кәсіби деңгейде саралайды.

ОН7 – Ғылыми және практикалық саладағы күрделі инновациялық идеяларды іске асыруда көшбасшылық қасиеттерге ие болады.

ОН8 – Жоғары оқу орны оқытушысының кәсіби тұлғалық қасиетін жетілдіріп, екі тілде еркін мәдениетаралық коммуникация жасау арқылы жаһандық мәселелерге баға бере алады.

ОН9 – Ғылыми жұмыстың әдістері мен құралдарын меңгерген, зерттеу жұмыстарын дайындауда және оның нәтижелерін өңдеуде қолданады.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9
ТА1	+					+			+
ТА2	+		+			+		+	
ТА3				+	+				
ТА4				+			+		
ТА5		+	+				+		+
ТА6		+			+			+	

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

- 1) «Педагог» кәсіби стандарты Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығымен бекітілген;
- 2) Білім беру саласындағы салалық біліктілік шеңбері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу салалық үшжақты комиссиясының 2016 жылғы 23 қарашадағы № 2 отырысының хаттамасымен бекітілген.